

## **"Риддер қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 260 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Риддер қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Риддер қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Риддер қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Риддер қаласының әкімі*

*Д. Горьковой*

Риддер қаласы әкімдігінің  
2023 жылғы 5 сәуірдегі  
№ 260 қаулысына  
қосымша

## **"Риддер қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. "Риддер қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) Риддер қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің ведомстволары жоқ.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

5. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Мемлекеттік мекеме сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамада, сондай-ақ осы Ережеде белгіленген құзыреттер шегінде мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимитін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қала әкімдігі бекітеді.

9. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, Семенова көшесі, 19, индексі 071300.

10. Осы Ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру Риддер қаласының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2 тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Тапсырмалар:

1) Риддер қаласының аумағын кешенді әлеуметтік-экономикалық және сәулет-қала құрылысын дамытудың ағымдағы және перспективалық міндеттерін шешуге бағытталған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында мемлекеттік саясатты жүргізу, толыққанды мекендеу ортасын қалыптастыру мақсатында сәулет және қала құрылысы шешімдерін әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ету;

2) қаланың сәулеттік келбетін сақтауды ескере отырып, жаңа құрылысты жобалау және ескі құрылысты қайта құру кезінде кешенділікті қамтамасыз ету;

3) жерді, табиғи және материалдық ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жаңа қала құрылысы қағидаттары мен әдістерін енгізу;

4) қала елді мекендерінің қоғамдық орталықтарының, алаңдарының, көшелерінің, жаяу жүргіншілер аймақтарының, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық кешендерінің аяқталған сәулет ансамбльдерін құру.

#### 14. Өкілеттіктер:

##### 1) құқықтар:

1.1. өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарды сақтай отырып, мекемеге жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан заңнамада белгіленген мерзімдерде ақпарат пен құжаттарды сұрату және алу;

1.2. мекеменің қызмет саласына, тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға қатысты ұсынымдар беру, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде орындалуын бақылау;

##### 2) міндеттері:

2.1. мекеменің құзыретіне жататын мәселелерді, ұсыныстарды, ақпаратты, шешімдердің жобаларын әкімдіктің қарауына енгізу;

2.2. мемлекеттік органдар өткізетін мекеменің құзыреті мәселелеріне қатысты отырыстарға, жиналыстар мен кеңестерге қатысу;

2.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру;

2.4. мекеме әзірлеуші болып табылған әкімнің және әкімдіктің нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық мониторингті жүзеге асыру және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану жөнінде уақтылы шаралар қабылдау;

2.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру және өзге де міндеттерді орындау.

#### 15. Функциялар:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қаланың бас жоспарын, заңнамада белгіленген тәртіппен қаланың ықпал ету аймағына жатқызылған іргелес аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) қаланың бас жоспарының жобасын, қала шегін, қала маңы аймағының шекараларын белгілеу және өзгерту жобаларын және қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру және қалалық мәслихатқа мақұлдауға енгізу;

3) тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау және күтіп-ұстау қағидаларын белгілеу жөнінде ұсыныстар дайындау және қалалық мәслихатқа енгізу;

4) қала тұрғындарын жоспарланып отырған құрылыс немесе өзге де қала құрылысы өзгерістері туралы хабардар ету;

- 5) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;
- 6) қала құрылысы жобаларын, қала мен қала маңы аймағын егжей-тегжейлі жоспарлау және салу жобаларын іске асыру;
- 7) жер учаскелерін таңдауға қатысу, құрылыс салу немесе өзге де қала құрылысын игеру үшін ведомстволық бағынысты аумақта жер учаскелерін беру және алып қою жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 8) құрылыстарды, ғимараттарды, құрылыстарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу (кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, реставрациялау және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, құрылыстарды (объектілерді) консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы ұсыныстар дайындау;
- 9) пайдалануға берілетін объектілерді, сондай-ақ объектілерді (кешендерді) пайдалануға қабылдау актілерінің есебін жүргізу;
- 10) тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауды ұйымдастыруға қатысу және оларды нормативтік ұстауға (қолдануға, пайдалануға) бақылау жүргізу;
- 11) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен салынып жатқан (салынуға жоспарланған) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу;
- 12) объектілерді жобалау мен салуға сәулет-жоспарлау тапсырмаларын беру;
- 13) сәулет-жоспарлау тапсырмасына сәйкестік бөлігінде жобалау құжаттамасын (эскиздік жобаны) келісу;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылысына жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамасыз не жеңілдетілген эскиздік жобалар бойынша жол берілетін объектілерді орналастыруды келісу;
- 15) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру және өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 16) мекенжайларды беру және оларды "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде тіркеу, оларды өзгерту және жою;
- 17) объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге шешімдер беру;
- 18) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен өтініштерін қарау және құзыреті шегінде шешімдер қабылдау;

19) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

### **3-тарау. "Риддер қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік органының бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Мемлекеттік мекемеге басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Мемлекеттік мекеменің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Риддер қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Мемлекет бойынша басшының орынбасары қарастырылмаған.

19. Мемлекеттік мекеме басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы ережеде айқындалатын оның құзыретіне сәйкес шешеді;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлерін көтермелеуді жүзеге асырады және тәртіптік жаза қолданады;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттамаға қол қояды;

5) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

7) Риддер қаласы әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат саны мен құрылымы лимиті шегінде мемлекеттік мекеменің штат кестесін бекітеді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша қажетті шараларды қабылдайды бұл үшін дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік мекеме басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Мемлекеттік мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.